

Өмірбаян

Қылыш Өтетілеуұлы

(Утетлеуов Клыш 03.11.2025-26.08.2016).

Қылыш Өтетілеуов 1925 жылы қараша айында Үстірттің Ұзыншымырау, Аққуыс деген жерлерінде туып, өскен. Елді жаппай серіктестіктерге біріктірген тұста Маңғыстау ауданының Шайыр ауылына келіп, «Жаңалық» колхозына мүше болған үйінің тәрбиесінде болып, Шайыр мектебіне оқуға кірісіп, жеті жылдық білім алып, 1940 жылы орталау мектепті бітіріп шыққан.

1941 жылы Маңғыстау аудандық оқу бөлімінде, аудан орталығы Таушықта іс жүргізуші, хатшылық жұмыста болып, 1942 жылы аудан орталығында ашылған мұғалімдер дайындайтын үш айлық курсқа қабылданып, оқытушылық білім алып, Ұштаған мектебіне мұғалім болған. 1943 жылы ақпан айында кеңес армиясы қатарына алынып, Орынбор облысының Бузулук, Колтубанка, Тоцкий жерлерінде соғыс өнерлеріне білім алып, жыл аяғына қарай ұрыс майданына аттанып Калинин, Беларусь майдандарында Беларуссияны азат ету бағытындағы ұрыстарда қатысып, 2 рет басынан, аяғынан, белінен ауыр жаралы болып, контузия алып, Горкий қаласындағы госпитальда емделіп, жазылып шыққаннан кейін Москва әскери округінің Горький облысындағы Красный Сормово қаласында орналасқан запастағы 3-ші танкі полкында болып, әскери қызмет атқарған.

Соғыс аяқталғаннан кейін, 1946 жылы маусым айында елге келіп, Шайыр мектебіне мұғалімдік жұмысқа орналасқан. 1950 жылы мектеп жанындағы интернат меңгерушісі, 1952 жылы мектеп директорының оқу ағарту ісі жөніндегі орынбасары, 1955 жылдан бастап Маңғыстау аудандық оқу бөлімінің мектеп инспекторы болып жұмыс атқарған. 1957 жылы тамыз айынан бастап, шалғай Сам өңірі мал шаруашылығы аймағындағы Сам мектебіне мектеп директоры болып, жұмысқа кіріскен.

Аудан орталығынан 500 (бес жүз) шақырымға тарта шалғайдағы Сам өңірінде шаруашылық есеппен (аудандық бюджет қаржысының қалдығы негізінде) 1958-1959 жылдары табиғи құрылыс тасымен (бутовый камень) мектеп, интернат үйлерін салдырған. Сол мектеп сол кезден бері (1973 жылдан бастап Бейнеу ауданының) Қызыләскер (Дүзгенді) жерінде мүлтіксіз жас ұрпақтарды оқытып, тәрбиелейтін білім ордасы болуымен келеді. Осылайша, 50 жылға, жарты ғасырға тарта уақыттан бері мінсіз ел ұрпақтарының сүйікті білім ордасына айналған. Мектеп алға қарай талай ғасырларға жарамды екендігін отырықшы ел сүйіспеншілікпен мақтан етеді.

Қылыш Өтетілеуов аудан, облыс көлемінде мектеп салдырып, артына ұмытылмас із қалдырған бірден-бір мектеп директоры болғандығы өзіне үлкен дәреже болса, ел сүйіктісі, мақтанышы болумен келеді, бола берері сөзсіз.

Қылыш 1950-1960 жылдары өндірістен қол үзбей жүріп оқып, 1952 жылы Гурьев (Атырау) педагогикалық училищесін, 1957 жылы Гурьев мұғалімдер институтын химбиология, география білімін, 1961 жылы Орал педагогикалық институтын география факультетін бітірген.

1969 жылы Сам өңірінде совхоз ұйымдастырылуына байланысты, совхоз орталығы Ақжігіт теміржол станциясындағы Ақжігіт мектебімен интернат үйлерін салуға сіңірген еңбегі де халық алғысына ие болғандығы елге аян. Осылайша, 1942-1974 жылдарында 32 жыл мұғалім, 20 жыл мектеп директоры болды. Одан кейін, 1975-1978 жылдары Бейнеу ауданының «Маңғыстау» совхозына жұмысшылар комитетінің басқарушысы, партком хатшысы, 1979-1985 жылдары Маңғыстау ауданының Шайыр ауылдық кеңесі атқару комитетінің төрағасы қызметтерін жасап, 1982 жылы Маңғыстау облыстық совет аткомының Мақтау грамотасымен марапатталып, 1985 жылы облыстық деңгейдегі дербес зейнеткерлікке шыққан.

Қылыш Өтетілеуов 1950-1965 жылдардағы Сам өңірін игеруші, ондаған азаматтардың соңғысы деуге болады.

Оның жасаған жемісті еңбектеріне орай, Отан соғысы ордені, Отан соғысындағы жеңіс, Лениннің 100 жылдығы, Жуков медалі, 10 мерекелік медальдармен марапатталған.

Қазақ ССР оқу министрінің «Оқу-ағарту ісінің үздік қызметкері» белгісінің иегері. Бірнеше рет аудандық партия конференциясына делегат болып, сайланып қатысқан. 2 рет облыстық кәсіподақ конференциясына делегат болып қатысқан. 7 рет ауылдық кеңес депутаты болған. 1957 жылы халық соттарының халық заседателі (алқа би) болып сайланған. Сам өңірін игеруші халық құрметтілерінің қатарында болды.

Жанұясында 10 балалы, бәрі де жанұялы, ұлын ұяға, қызын қияға орналастырған азамат. Ұлы отан соғысының 2-ші топтағы мүгедегі, еңбек ардагері, дербес зейнеткер, өткен өмірінен, халық игілігінен көрген-білгендерін кейінгі ұрпақтарға жеткізе білуден жалықпай келе жатқан сыйлылығы өз алдына бола білді.

Қылыш Өтетілеуов өмірінің соңғы жылдарында облыс орталығы Ақтау қаласында тұрды. Қолында болған баласы Киікбай балдарымен бірге Маңғыстау облысы Түпқараған ауданы Ақшұқыр ауылында үш шаңырақ болып тұрып жатыр.

Документы о награждении



Отетилеуов Кылыш

Орден Отечественной войны I степени



Документ в юбилейной картотеке

Дата рождения: __.__.1925

Место рождения: Казахская ССР, Мангышлакская обл.,
Мангистауский р-н

Наименование награды: Орден Отечественной войны
I степени

Номер документа: 85

Дата документа: 06.04.1985

[Информация об архиве+](#)

ҚАЙТЫС БОЛУ ТУРАЛЫ АНЫҚТАМА
СПРАВКА О СМЕРТИ № _____

Азамат (-ша)
Гражданин (-ка)

УТЕТЛЕУОВ ҚЛЫШ

(тегі, аты, әкесінің аты, ФИО)

26 күні 08 айы 2016 ж. қайтыс болды,
числа месяца г. умер (-ла)

бұл жөнінде қайтыс болу туралы актілерді тіркеу кітабында
о чем в книге регистрации актов о смерти

2016 жылы 09 айының 13 күні
года месяца числа

№ 20-664-16-0000762 жазу жазылды
произведена
запись

Қайтыс болу себебі: Заболевание /
Причина смерти: Науқас СТАРОСТЬ

Қайтыс болу жері:
Место смерти:

Город (селение):
АЩЫЕСПЕ Район:
МАНГИСТАУСКИЙ
Область:
МАНГИСТАУСКАЯ
Республика:
КАЗАХСТАН

(қала, ауданы,
облысы/город, район,
область)

90 жасы

возраст

Ақуа қаласы
Заманбек Зан
актілерді тіркеу деп
құделдіктері
актілерді тіркеу
қаласында



Тіркеуші органның
басшысы
Руководитель
регистрирующего органа

ЕЛЕМЕСОВА
АЙША
ЗАМАНБЕКОВНА

подпись

Қайтыс болу туралы анықтаманы / Справку о смерти № _____ қабылдаған
сақтандыру кассаға ұсыну үшін тегі _____
для представления в страховую кассу получил _____
Фамилия _____